

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 4 мамырдағы "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 32 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 81 шешімі. Ақтөбе облысының Үрғыз аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 27 сәуірде N 3-5-94 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 25 сәуірдегі № 176 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2011.04.25 № 176 Шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңның 6-бабына сәйкес аудандық м ә с л и х а т

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 4 мамырдағы N 32 "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" (мем. тіркеу N 3-5-73, 7 мамыр 2008, "Үрғыз" газеті, N 21, 27 мамыр 2008), 2008 жылғы 15 қазандағы N 52 "Аудандық мәслихаттың "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 32 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (мем. тіркеу N 3-5-82, 20 қараша 2008, "Үрғыз" газеті, 2 желтоқсан 2008) шешімдеріне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

К і р і с п е д е :

"Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Бюджет Кодексінің 53-бабы" деген сөздер "2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқару" деген сөзден кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

1-тармақтың 1) тармақшасы төмендегідей редакцияда жазылсын:

Отбасының жан басына шаққандағы табысы кедейшілік шегінен аспайтын аз қамсыздандырылған отбасыларға, ең төменгі зейнетақы алатын және ең төменгі зейнетақыдан төмен алатын зейнеткерлерге 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 1, 2, 3 топтағы жалпы аурулардан, бала кезінен, әскер борышын орындауға байланысты емес мертігу немесе ауру салдарынан мүгедектікке душар болған мүгедектерге ай сайын 3000 теңге мөлшерінде;

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы:
Б.Мусин*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы:
М.Өтемұратов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК